



№6 дәріс

Жасөспірімдердің қылмыскерлігі және оның алдын алу шараларының психологиялық және педагогикалық негіздері



ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСКЕРЛІГІ

Жасөспірімдер қылмыскерлігі Қазақстандағы өте көкейтесті мәселе екендігі күмән туғызбайды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметтері бойынша жыл сайын қылмыс жасаған жеті мыңға жақын жасөспірімдер анықталады, соның ішінде тең жартысына жуығы қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Жасөспірімдердің жауапкершілігі мен жазаларының ерекшеліктері Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде (әрі қарай – ҚР ҚК) бекітіліп, дербес VI тармаққа бөлінген.

Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары қолданылатын, қылмыс жасаған уақытта жасы он төртке толып, бірақ он сегізге толмаған жасөспірімдер кәмелетке толмағандар болып саналады.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

PRI («Халықаралық түрмелік реформа» ұйымы) мәліметтері бойынша Қазақстанда төрт тәрбиелік коллониялар және қыздар үшін бір жергілікті учаскі қызмет жасауда. Тәрбиелік коллонияларда 400 астам кәмелетке толмағандар ұсталып отыр. Қазіргі уақытта республикамызда 20 мыңнан астам ауытқымалы мінез-құлықты балалар, 16 мыңнан астам жетім және ата-анасының қамқорлығынан айрылған балалар анықталған. Әлеуметтік жағымсыз жағдайда, қажетті білім және тәрбие алмай, 34 мыңнан астам балалар тұрып жатыр.

Қазақстанның барлық салаларында өтіп жатқан тағдыр-шешті өзгерістері жасөспірімдер қылмыскерлігінің жағдайына, құрылымына және динамикасына іле-шала ықпалын тигізіп отыр. Қазақстандағы жасалып жатқан қылмыстардың 50% астамы 14–29 жас арасындағы жастармен жасалады. 14–29 жас аралығындағы халықтың қылмыскерлігі тұрақты екендігі көрінеді. Оның себептері жұмыссыздар, ұсақ бизнеспен айналысатын жасөспірімдер, бостандығынан айыру орындарынан шыққан кәмелетке толмағандар, әскерден келген және өзіне орын таппаған жігіттер, күнкөрісі төмен отбасыларының жасөспірімдері есебінен қауіп топтарын толтыратын әлеуметтік базаның ұлғаюы. 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылатын қылмыс түрлері Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 15 бабында айқындалған.



Қылмыстық кодексте тек қана кәмелетке толмағандарға қолданылатын арнайы жазалар түрлері көзделмеген. Әлеуметтік жағдайын ескере отырып, заңшығарушы оларға тәрбиелік әсер тигізуге бағытталған, қылмыстық жазаның аса жеңіл түрін қолдануды ниеттейді. Қылмыстық заң кәмелетке толмағандарға қылмыстық жазаның аса қатал (өлім жазасы, өмірлік бостандығынан айыру) және белгілі бір лауазымға орналасудан айыру, қамау, мүлікті тәркілеу түрлерін қолдануды көздемейді.

Қылмыстық заңда түзету мекемелерінің түрлері және бостандығынан айыруды өтейтін орындар атап өтілген.



Мысалы, кәмелетке толмаған жігіттер мен қыздар алғаш рет қылмыс жасап сотталушы бостандығынан айыру жазасын жалпы тәртіптік тәрбиелеу коллониясында, ал бұрын бостандығынан айыру жазасын өтегендер – күшейтілген тәртіптік тәрбиелеу коллониясында жазасын өтейді. Кінәлі тұлғаның қоғамдық қауіптілігінің дәрежесі мен сипатына, істің басқа да жағдайларына қарай сот, қабылданған шешімнің себебін көресете отырып, ер жынысты кәмелетке толмаған сотталушыларға бостандығынан айыру жазасын жалпы тәртіптік тәрбиелеу коллониясында өтеуді тағайындауы мүмкін. Сондықтан, қылмыстық заң бостандығынан айыру мерзімін, бұл жазаны өтеу орындарының түрлерін, сотталғандар санатын және белгілі бір бостандығынан айыру жеріне жолдау шарттарын нақты айқындайды.

ЗАҢ – ҚР ҚК-нің VI “Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі” тармағы нормаларын саралай келе, он сегізге толмаған тұлға қылмыс жасағанда, оны міндетті түрде қылмыстық жауапкершілікке тарту және оған ҚР ҚК-нің 79 бабында көрсетілген жазалау шарасын қолдану керек дегенді білдірмейтіндігін көруге болады.



Кәмелетке толмаған тұлға кішкене ауыртпалықтағы немесе алғаш рет қылмыс жасаған болса, егер оның түзелуі қылмыстық жауапкершілікке тартпай-ақ мүмкін екендігі анықталса, сот оны қылмыстық жауапкершіліктен босатуы мүмкін. Онымен бірге оған ҚР ҚК-нің 82 бабымен көзделген тәрбиелеу әсеріндегі мәжбүрлік шаралары қолданылуы мүмкін.

Заңшығарушы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату мүмкіндігін ескерген. Қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату туралы сұрақты шешу кезінде сот жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесін және сипаттамасын, кінәлінің жеке басының бағасын, оның тәрбиелену жағдайын, отбасы жағдайын және кінәлінің түзелуі үшін оны қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе қылмыстық жаза тағайындау қажет етпейтін басқа жағдайларды саралай отырып шешім қабылдайды.



Кішкене және орташа ауыртпалықтағы қылмыс жасап алғаш рет сотталған кәмелетке толмаған тұлға, егер ҚР ҚК-нің 82 бабында көзделген тәрбиелеу әсеріндегі мәжбүрлік шараларды қолдану арқылы оның түзелуі мүмкін деп танылса, жазасынан сотпен босатылуы мүмкін. Көрсетілген қылмыстық-құқықтық нормалар мазмұнынан, егер негіздері және жағдайлары болса қылмыс жасаған тұлғаға келесі шаралар қолдану мүмкін екендігін байқауға болады:

а) қылмыстық жауапкершіліктен босату;

б) қылмыстық жазадан босату;

в) жазаны әрі қарай өтеуден мерзімінен бұрын босату.



Бұл босатулардың бір беткейлі ортақтығы болғанымен, бір бірінен елеулі ерекшеліктері бар.

Бірінші, қолдану негіздері бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босату тек қана қылмыс үлкен қоғамдық қауіп тудырмаған жағдайда пайдалануы мүмкін, ал қылмыстық жазадан босату бұл белгімен мүлдем байланысты емес.

Екіншіден, қылмыстық жауапкершіліктен күдікті де, айыпталушы да, сотталушы да, сотталған да босатылуы мүмкін. Ал, жазадан тек сотталған, яғни сот үкімі шығарылған тұлға, босатылуы мүмкін.

Үшіншіден, қылмыстық жауапкершіліктен кінәлі тек сотпен ғана емес прокурормен, тергеушімен немесе анықтау органымен алдын-ала тергеу сатысында немесе тұлға қылмыстық процесте ешқандай белгілі бір дәрежеде болмаған жағдайда қылмыстық істі тоқтату арқылы босатылуы мүмкін. Қылмыстық жазадан босату тек қана сот шешімі арқылы ғана жүргізілуі мүмкін.





Қылмыстық жауапкершіліктен босату өзінің заңды мазмұны бойынша кінәліні ол жасаған қылмыстың барлық құқықтық салдарынан босату деп танылады: қылмыскер деп ресми мойындаудан, жазадан және соттылығынан.

Бірақ, қылмыстық жауапкершіліктен босату тұлғаны кінәсіз деп танымайды және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен, әкімшілік, тәртіптік және қоғамдық жазадан босатпайды.

Кәмелетке толмаған қылмыскерлердің $2/3$ бөлігі жиі жанжал, шатақ, жәбірлеу, маскүнемдік және азғыру болған отбасыларында өскендігін зерттеулер көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кәмелетке толмаған тұлғаға жаза тағайындағанда, ҚР ҚК-нің 52 бабында белгіленген жағдайлардан басқа, өмірінің және тәрбиесінің жағдайлары, психикалық даму деңгейі, тұлғаның басқа да ерекшеліктері, сонымен бірге оған жасы үлкендердің ықпал етуі есепке алынады.

Сонымен бірге бейберекет, нашар отбасы өз мүшелеріне ғана емес, балаларының достарына да теріс әсерін тигізеді. Атап айтқанда, мұндай отбасына жатпайтын басқа жасөспірімдерге «жұқтыру» процессі жүреді.



Назарларыңызға рахмет!

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексі, Алматы – 2001 ж.;
2. ҚР Бас Прокурорының 2000 жылғы 28.08. № 45 бұйрығы;
3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21.12. «Прокуратура туралы» заңы;
4. ҚР Бас Прокурорының 2005 жылғы 04.11. № 42 «Жазалардың орындалуына прокурорлық қадағалау және азаматтарды ақтау туралы» бұйрығы;
5. ҚР 1995 жылғы 30.08. Конституциясы;
6. ҚР Президентінің 2002 жылғы 20.09. Жарлығымен бекітілген Құқықтық саясат концепциясы.

•